

Әлеуметтік аударымдар төлеушінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан әлеуметтік аударымдардың Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған сомалары туралы ақпаратты сұрау және алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 30 шілдедегі N 169-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3004. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 288 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.04.2016 № 288 бұйрығымен.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 13-бабына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік аударымдар төлеушінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан әлеуметтік аударымдардың Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған сомалары туралы ақпаратты сұрату және алу ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау М и н и с т р і н ің
2004 жылғы 30 ш і л д е д е г і
N 169 - ө б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Әлеуметтік аударымдар төлеушінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпаратты сұрату және алу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 13-бабына сәйкес әзірленді.

2. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеуді жүзеге асыратын әлеуметтік аударымдар төлеушінің (бұдан әрі - төлеуші) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Орталық) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы қажетті ақпаратты сұратуға және тегін алуға құқығы бар.

2. Алушының аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпаратты сұрату және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың оны ұсыну тәртібі

3. Төлеуші Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы қажетті ақпаратты алу үшін аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы қажетті ақпаратты алуға арналған тапсырысты толтырады және оны Орталықтың құрылымдық бөлімшелері арқылы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Орталыққа ұсынады.

4. Төлеуші өтініш берген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Орталық аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпаратты дайындайды және оны Орталықтың құрылымдық бөлімшелері арқылы осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеушіге жібереді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау Министрінің
2004 жылғы 30 шілдедегі
N 169-ө бұйрығымен бекітілген
Әлеуметтік аударымдар төлеушінің
Зейнетақы төлеу жөніндегі
мемлекеттік орталықтан Мемлекеттік
әлеуметтік сақтандыру қорына
аударылған әлеуметтік аударымдардың
сомалары туралы ақпаратты сұрату
және алу Ережесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.09.10 № 312-ө (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпарат алуға өтінім

Төлем тапсырысының N	Төлем тапсырысының күні	Төлем тапсырысының сомасы	Банк операциясының референсі	Кәсіпорынның БСН	Кәсіпорынның атауы
1	2	3	4	5	6

Қ о л д а р ы :

Басшы _____ Т.А.Ә.

Бас бухгалтер _____ Т.А.Ә.

Мөр орны

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2004 жылғы 30 шілдедегі
N 169-ө бұйрығымен бекітілген
Әлеуметтік аударымдар төлеушінің
Зейнетақы төлеу жөніндегі
мемлекеттік орталықтан Мемлекеттік
әлеуметтік сақтандыру қорына
аударылған әлеуметтік аударымдардың
сомалары туралы ақпаратты сұрату
және алу Ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.09.10 № 312-ө (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпарат

Төлем тапсыры.	Төлем тапсыры.	Төлем тапсыры.	Банк операция.	Кәсіпорын.	Кәсіпорын.	Dbf.
сының N	сының күні	сының	сының	ның БСН	ның атауы	файл
		сомасы	референсі			

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Қ о л д а р ы :

ЗТМО бөлімшесінің басшысы _____ Т.А.Ә.

ЗТМО бөлімшесінің бас маманы _____ Т.А.Ә.

Мөр орны